

С.С. Калдыбаева¹ 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

ХІХ ҒАСЫР АЯҒЫ – ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАЙЛАНЫСТАРЫНДАҒЫ ОРТА АЗИЯ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ

Отандық тарихты түркі халықтары мен мемлекеттерінің тарихы аясында тұтас тарихи процесс ретінде қарастыру, ішкі-сыртқы факторлардың қатысуымен түркілік мұсылман халықтарының саяси, діни және идеологиялық өміріндегі шешуші кезеңдерді басқа ракурста жаңа көзқараспен зерттеу маңыздылығы артуда. Себебі тарих ғылымы бүгінгі зерттеулерге жаңа міндеттер мен заманауи теориялық-методологиялық ұстанымдар негізінде қарастыруды жүктеп отыр.

Ғылыми мақалада автор зерттеу материалдарын революцияға дейінгі, кеңестік және заманауи тарихи зерттеулер деп топтастырады. Және әр тарихи кезеңдегі практикалық және академиялық зерттеу материалдарына шолу жасай отырып, жеке көзқарасын білдіреді. Автор Осман империясының сыртқы байланыстарындағы Орта Азия тақырыбы жанама әрі біржақты зерттелуі тарихи процестерге объективті баға беру мүмкіндігін шектеді деп тұжырымдайды. Зерттеушілердің еңбектеріне тарихнамалық шолу барысында: біріншіден, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Осман империясының Орта Азиядағы саясаты Ресейге қарсы бағытталған әскери-саяси және контрреволюциялық күштер; екіншіден, Ресей құрамындағы мұсылман елдерін діни біріктіру жолындағы түріктердің ислам қозғалысы ретінде бағаланғандығы анықталды.

Қорытындылай келе, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Орта Азияда орын алған әртүрлі тарихи құбылыстар әлемдік империялар алдына жаңа саяси проблемалық мәселелер қоя отырып, тұтас түркілік идеяның өмірлік өзектілігі бар екенін дәлелдеді. Бұл мәселе ХХІ ғасырда да өзінің жалғасын тауып отырғанын көрсетті.

Түйін сөздер: Осман империясы, Орта Азия, саясат, дін, идеология, Ресей үкіметі, панисламизм, пантюркизм.

S.S. Kaldybayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

Central Asia in the external relations of the ottoman empire in the late XIX – early XX centuries: a historiographical review

The importance of considering domestic history as a holistic historical process within the framework of the history of Turkic peoples and states, studying the crucial periods in the political, religious and ideological life of Turkic Muslim peoples with the participation of internal and external factors from a new perspective in a different angle is increasing. This is due to the fact that historical science imposes a review of today's research on the basis of new tasks and modern theoretical and methodological positions.

In the scientific article, the author combines research materials as pre-revolutionary, Soviet and modern historical research. And it represents a personal perspective, reviewing the practical and academic research materials of each historical period. The author believes that the indirect and unbiased study of central Asia in foreign relations of the Ottoman Empire has limited the possibility of an objective assessment of historical processes. During the historical review of the researchers' works: first, the politics of the Ottoman Empire in Central Asia in the late 19th and early 20th centuries, the military-political and counter-revolution forces directed against Russia; Secondly, it was revealed that the Turks, who are part of Russia, are valued as an Islamic movement in the way of religious integration of Muslim countries.

In conclusion, the various historical phenomena that took place in Central Asia in the late 19th and early 20th centuries proved that the idea of Turkic has a whole has a vital relevance, with new political problems before the world empires. This issue has shown that it continues in the 21st century.

Key words: Ottoman Empire, Central Asia, politics, religion, ideology, Russian government, pan-Islamism, pan-Turkism.

С.С. Калдыбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

Средняя Азия во внешних связях Османской Империи в конце XIX – начале XX вв.: историографический обзор

Все большее значение приобретает рассмотрение отечественной истории как целостного исторического процесса в контексте истории тюркских народов и государств, изучение с новой точки зрения других ракурсов ключевых этапов политической, религиозной и идеологической жизни тюркских мусульманских народов с участием внутренне-внешних факторов. Потому что историческая наука навязывает современные исследования на основе новых задач и современных теоретико-методологических позиций.

В научной статье автор классифицирует материалы исследования как дореволюционные, советские и современные исторические исследования. И представляет индивидуальный подход, предоставляя обзор материалов практических и академических исследований на каждом историческом этапе. Автор утверждает, что косвенное и одностороннее изучение центральноазиатской темы во внешних связях Османской империи ограничивало возможность объективной оценки исторических процессов. В ходе историографического обзора трудов исследователей установлено, что: во-первых, политика Османской империи в Средней Азии в конце XIX и начале XX веков была оценена как военно-политические и контрреволюционные силы, направленные против России; во-вторых, как исламское движение турок на пути религиозного объединения мусульманских стран в составе России.

В заключение, различные исторические явления, имевшие место в Средней Азии в конце XIX и начале XX веков, доказали, что вся тюркская идея имеет жизненную актуальность, ставя перед мировыми империями новые политические проблемные вопросы. Эта проблема имеет продолжение и в XXI веке.

Ключевые слова: Османская империя, Средняя Азия, политика, религия, идеология, правительство России, панисламизм, пантюркизм.

Кіріспе

Азия, Европа және Африкадағы кең аумақтарды қамтыған Осман империясы мен Орта Азияның әскери-саяси және дипломатиялық қатынастары туралы XV-XVI ғасырлардағы тарихи шежірелер мен құжаттар негізінде өте танымал. Алайда, XVII-XIX ғасырларда мұсылман өркениетінің құлдырауы, бүкіл әлемде еуропалық отаршылдықтың белсенді енуі байқалды. Мұсылман әлемінің көптеген елдері, соның ішінде Орта Азия мемлекеттерінің Европа мен Ресейдің отарлығына тәуелділігі Осман империясы мен Орта Азия арасындағы белсенді саяси, діни және тағы басқа сипаттағы қарым-қатынастық байланыстары күрделенді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Осман империясының Орта Азиямен белсенді өзара әрекеттесуіндегі басты себеп империяның сыртқы саяси қызметінің осы аймақтағы ықпалын нығайту, сондай-ақ қауіпсіздік пен мемлекеттік мүдделерді қамтамасыз етуге бағытталды. Бұл ретте Осман империясы Орта Азиядағы ықпалы үшін Ресей империясы мен Ұлыбритания сияқты басқа ұлы державалардың бәсекелестігіне тап болды. Сол себепті Осман империясы өзінің мүдделерін қорғау

мақсатында және бәсекелестердің ықпалын тежеу үшін аймақтағы әскери және түрлі бағыттағы дипломатиялық қатынастарды пайдалануға тырысты. Бұл қатынастардың маңызды аспектісі Осман империясының Орта Азиядағы саяси ықпалын дін, идеология және мәдени байланыстар арқылы нығайту болды. Алайда, XIX ғасырдың аяғында еуропалық державалардың саяси аренадағы ықпалдарының күшеюі Осман империясының позициясының әлсіреуіне әкелген еді.

Қарастырылып отырған кезең XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Осман империясының сыртқы байланыстарындағы Орта Азия тақырыбы революцияға дейінгі және кеңестік тарихнамада Азиядағы «ағылшын-орыс бәсекелестігі» немесе «шығыс мәселесі» сияқты проблемалар негізінде қарастырылып келді. Отандық тарихнамада революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдердегі Осман империясының Орта Азиядағы арнайы саяси қызметі туралы жекелеген мәселелер туралы ғылыми әдебиеттерде қарастырылғанымен тарихи зерттеу тұрғысынан алғанда жүйелі тақырыптық зерттеулер жоқ. Ғылыми жұмыстар патшалық Ресейдің отарындағы мұсылман елдеріндегі панисламизм мен пантюркизм идеяларын тарату проблемасы-

ның объективі арқылы немесе аймақтағы әлемдік империялардың бақталастығы мен күресі негізінде зерттелген.

Зерттеу жұмысымыздың объектісіне алынған аймақ XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басында ғылыми әдебиеттерде әртүрлі атаулармен кездеседі. Мысалы, XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясы Орта Азияға қарқынды түрде еніп, XIX ғасырдың аяғында Орта Азияның (Түркістанның) орасан зор аумағын өзіне қосып алғаны белгілі. Орта Азия территориясына отар елдер территорияларымен қатар Ресей әкімшілігінің протектораттығына Бұхара және Хиуа хандықтары аумағы да кірді. Орыс Түркістан (Русский Туркестан) 1865 жылы 12 ақпанда Түркістан облысы құрылғаннан бастап, 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін әкімшілік-территориалдық қатынаста (ресми түрде 1899 жылдың жазына дейін) бұл аймақ біртұтас болмады. Бұл өңірге Түркістан генерал-губернаторлығы ғана емес, оның билік қарамағына кірмейтін 1881 жылы құрылған Каспий маңы облысы және дала аймағының бір бөлігі болған орталығы Омбы, Жетісу облысы да кірді. Осы барлық бес облыс Каспий, Жетісу, Самарқанд, Сырдария және Ферғана Әскери министрліктің қарамағындағы Түркістан өлкесіне енгізілді. (Литвинов, 1998:139)

Сондықтан да отандық тарихты түркі халықтары мен мемлекеттерінің тарихы аясында тұтас тарихи процесс ретінде қарастыру және ішкі-сыртқы факторлардың қатысуымен түркілік мұсылман халықтарының саяси, діни және идеологиялық өміріндегі шешуші кезеңдерді басқа ракурста жаңа көзқараспен зерттеу маңызды. Себебі тарих ғылымы бүгінгі ғалым-зерттеушілерге жаңа міндеттер қойып, заманауи теориялық-методологиялық ұстанымдар негізінде қарастыруды жүктеп отыр. Бұл біздің зерттеу жұмысы тақырыбымыздың өзектілігін айқындайды.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Осман империясының сыртқы байланыстарындағы Орта Азия тақырыбы туралы еңбектерді революцияға дейінгі, кеңестік және заманауи зерттеулер деп топтастыра отырып, авторлардың негізгі көзқарастарына талдау жасау.

Алдымызға қойылған зерттеу тақырыбы мақсатының негізінде келесідей міндеттер қойылды: а) дереккөздер мен әдебиеттерге шолу, ә) контекстуальды интерпретацияларды жүйелеу, б) тарихнамада баса назар аударылатын негізгі факторларды анықтау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында әлемдік тарих сахнасындағы Осман империясының сыртқы саясатындағы Орта Азия мәселесі және империяның аймақтағы өзара діни-идеологиялық байланысын талдауға басты назар аударылады. Осман империясының Орта Азиядағы саяси, діни және идеологиялық стратегияларын толық түсіну үшін пәнаралық әдістерді қолдана отырып тарихи сыни талдаумен жүргізілді. Мысалы «панисламизм» теориясы Осман империясының сыртқы саясатында шешуші рөл атқарған панисламизм идеологиясы. Сонымен қатар мақалада «пост-колониалды талдау» арқылы Осман империясы мен Орта Азия арасындағы қарым-қатынастар аймақтағы Ресей мен Ұлыбритания сияқты отаршыл державаларға көзқарас тұрғысынан және Осман империясы еуропалық державалардың қысымына ұшыраған мемлекет ретінде де қарастырылды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Орта Азиядағы Осман империясының саяси және идеологиялық жұмыстарды жүргізудегі себептерді айқындау мақсатында мақаланың методологиялық негізі – синхронды әдіске құралды. Бұл тақырыптың хронологиялық мерзіміне сәйкес тарихи процестер арасындағы қысқа және ұзақ мерзімді байланыстарды түсінуге көмектеседі. Абдул Хамид II-нің билігі тұсында Осман империясындағы саяси дискурстың өзгеруін талдау және тарихи құжаттар мен дереккөздердегі идеологияларды анықтау үшін «контекст-талдау» әдісі қолданылды.

Ғылыми мақаланың негізгі материалдарын революцияға дейінгі, кеңестік және заманауи тарихи зерттеулер құрайды. Осман империясының сыртқы саясатындағы Орта Азия мен Ресей құрамындағы Орталық Азия мәселесін зерттеп жүрген авторлардың тақырып бойынша архив құжаттарына негізделген ғылыми еңбектері пайдаланылды. Жинақталған ғылыми зерттеулерді талдауда хронологиялық әдіс, тарихи оқиғаларды логикалық жүйелеу қолданылды. Тақырыптық тарихнамадағы негізгі тенденциялар мен пікірталастарды анықтау мақсатында зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасау арқылы сыни тұрғыдан талдауға талпыныс жасалынып, авторлардың көзқарасына болашақ зерттеуші ретінде қорытынды берілді. Контекстке, салыстыруға және тақырыптық аспектілерге назар аударатырып, методологиялық әдістер практикада қолданылды.

Сонымен қатар ғылыми мақала авторы – докторанттың Осман империясының Орта Азиядағы сыртқы байланыстары: саясат, дін және идеология (XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басы) тақырыбы бойынша материалдарды жинақтау кезеңдерінен өтіп отырғандықтан болашақта тақырыпқа қатысты архив құжаттары және тарихи деректермен толықтырылып, жалғасын табатын болады.

Нәтижелер мен талқылау

Революцияға дейінгі зерттеушілер Осман империясының сыртқы байланыстарындағы Орта Азия туралы

Революцияға дейінгі кезеңдегі орыс шығыстанушы ғалымдары бірқатар маңызды еңбектер жасады, оларда Азия елдерінің жаңа тарихының мәселелері де көрініс тапты. Таяу Шығыс елдерінің оның ішінде Осман империясының тарихы туралы революцияға дейінгі әдебиеттерде әскери-тарихи тақырып, аймақтың дипломатиялық тарихы және Қара теңіз бұғаздары мәселесі кеңінен ұсынылған. Орыс ғалымдарының зерттеулері әлемдік шығыстану және тарих ғылымының дамуына үлкен әсер еткені даусыз.

Революцияға дейінгі шығыстанушы-зерттеушілерді практикалық және академиялық топқа бөлуге болады.

Практикалық зерттеушілер өздерінің негізгі қызметін аймақтың саяси және экономикалық жағдайын, тұрмысын және дәстүрін зерттеу бағытымен байланыстырды. Бұл бағыттың зерттеушілері қатарына – әскерилер, шенеуніктер, саяхатшылар, саудагерлер кіреді. Империялық кезеңнің орыс дереккөздерінің мәліметтерін талдағанда, бұл материалдар қандай мақсатта, қандай империялық құрылымдармен немесе тұлғалармен жасалғанын есте ұстағанымыз жөн.

Орта Азиядағы әртүрлі тарихи процестер мен саяси күштердің бәсекелестігіне арналған ірі зерттеулер XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында пайда болды. Мысалы, М.А.Терентьев (1875), С.В.Жуковский (1915), Н.Петровскийдің (1875), С.Духовскийдің (1899) еңбектері құнды тарихи дереккөздер ретінде ғана емес, сонымен қатар орыс шығыстану ойының ірі аналитикалық еңбектері ретінде танылды. Аталған зерттеушілердің еңбектерінде біз қарастырып отырған тарихи кезеңдегі жекелеген мәселелерге және Осман империясының Орта Азияға қатысты сыртқы саясаты ағылшын-орыс қатынастарының Азиядағы бәсекелестігі негізінде қарастырылған.

Патша әкімшілігінің ірі әскери қызметкері, генерал-лейтенант М.А.Терентьев өзінің еңбегінде «Ресей Азияға қатысты өзінің өркениеттік миссиясын орындауда. Ресей адамзат білімінің аясын кеңейтуде және тайпаларды мәдени халықтар тобына кіріктіруде» – деп жазады. (Терентьев, 1875:288) Ал, 1906 жылы шыққан 3-томдық еңбегінде Орта Азиядағы Бұхара, Қоқан және Хиуа хандықтарын орыс билігіне бағындыру жолындағы күресі туралы мәліметтер береді. Автор Ресей билігіне ұзақ жылдар бойы қарсы тұрған Хиуа хандығы туралы: «Хиуа өзін бүгінге дейін орыс әскері бағындыра алмаған бірден бір мұсылман державасы деп санайды. Бұл менмендігі негізсіз де емес. Себебі, патша әскеріне қарсы көтерілген Бұхара мен Қоқан бектерімен қоса Есет Көтібарұлы, Сыдық, Назар сияқты қарақшылар да Хиуаға келіп, бас сауғалауда. Сондықтан да Хиуа әмірі Орта Азияда Ресейге қарсы мұсылмандар одағын құруды көздеді. Алайда әмірдің бұл ойы жүзеге аспады» – деп жазады. (Терентьев, 1906:61-62)

Автордың пікірінше осы күрестің басында ағылшын және түрік тыңшыларының да әрекеттерінің бар болуы мүмкіндігі айтылады.

Ал Н.Петровский (1875) өзінің зерттеу жұмысында Қоқан хандығының тарихи дамуын, династиялар арасындағы қақтығыстарды, тәуелсіздік жолындағы күресін және хандықтың сыртқы саясаты, оның Бұхара, Ресей империясы және Қытай сияқты көрші мемлекеттермен қарым-қатынасы туралы негізгі аспектілерді қарастырады. Сонымен қатар Н.Петровский Осман империясын Ресей мен Англиямен салыстырғанда Орта Азиядағы геосаяси ойында маңызды, бірақ кішігірім ойыншы ретінде қарастырады. Ол Осман империясының ықпалы негізінен символдық және діни болғанын, сонымен қатар дипломатиялық күш-жігер мен жергілікті билеушілермен байланыс орнату әрекеттері арқылы көрінетінін атап өтті. Жалпы, Осман империясының аймақтағы рөлі ислам ынтымақтастығы мен мәдени алмасу аясында шектелді, бірақ территориялық аумақ үшін маңызды болды деген көзқарасын білдіреді. (Петровский, 1875:61-62)

Жалпы XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басына дейінгі кезең «шығыс» мәселесі деген атпен тарихта белгілі. Дипломатиялық проблемалар стратегиялық аймақтарды өзара бөліске салуда Ресейдің Орта Азиядағы отарлау мен экспансияның белсенді саясатын жүргізуі батыс державаларының алаңдаушылығы мен қарсылығын тудырды. Сонымен қатар, Еуропа мемлекеттерінің Таяу Шығыс пен Орта

Азия территориясындағы геосаяси және геоэкономикалық бәсекелестігінде аймақта еуропалық әскери және саяси одақтардың құрылуына әкелді.

Осы саяси оқиғаларды ескеретін болсақ, билік басына келген Абдул-Хамид II-нің Осман империясының Еуропадағы, Таяу Шығыстағы, Солтүстік Африкадағы иеліктерін сақтап қалуға ұмтылуы және басты қарсыласы Ресей бодандығындағы мұсылман елдерін діни-идеологиялық тұтастыққа шақыруын заңдылық деп қарауға болады.

С.В.Жуковский (1915) өзінің еңбегінде: «ортаазиялық хандықтардың патша үкіметіне қосылуы және Орта Азиядағы билігін орнықтырудағы саясаты XVI ғасырдың екінші жартысынан сауда-дипломатиялық қатынастар негізінде бастау алып 1873 жылдың көктеміне қарай Кавказ, Орынбор және Түркістан аумақтарынан генерал-адъютант фон Кауфманның басшылығымен патша әскері Хиуаға қарай жылжыды. Хиуа ханы Сейіт Мұхаммед Рахым Баһадүрдің 1873 жылдың 12 тамызында келісім бойынша Бүкілресей императорына «мойынсұнып» өзінің тәуелсіздігінен айрылды. Алайда толық бағынышты болмады» – деп жазады. Хиуаға қарсы әскери қақтығыстарда Бұхара әмірі Мұзафар ад-Диннің Ресейге қолдау білдіруін пайдаланған патша әкімшілігі Бұхарамен 1868 жылы жасалған келісімге қайта толықтыру жасап, келісімге нақты шарттар қойды. Яғни, Ресей әкімшілігі мен Бұхар әмірлігі арасындағы келісім бойынша ресейлік сауда кемелерінің еркін қозғалысын қамтамасыз ету, Бұхара мен Ташкенттегі тұрақты дипломатиялық агенттерінің келісе жұмыс істеуі, Хиуа әміріне сыртқы күштермен (Осман империясымен) байланыс жасауға тыйым салу сияқты жаңа пункттер енгізілді. (Жуковский, 1875:176)

Автордың пікірі бойынша Ресейдің Орта Азияға қатысты саяси тарихындағы бетбұрыстың шешуші кезеңі – XIX ғасырдың екінші жартысы болды. Патша үкіметі ортаазиялық хандықтардың ішкі және сыртқы өміріне араласуымен Қоқан хандығы Ресей империясының құрамына толықтай өтсе, Бұхара мен Хиуа хандығы өз иеліктерінің басым бөлігін Ресейге өз еркімен берді.

Патшалықтың келесі өкілетті шенеунігі Сергей Духовской 1899 жылы қыркүйекте Патша ағзамына жасаған өзінің мәлімдемесінде төмендегідей жазады: «Орта Азия мұсылмандарының орыс билігіне мойынсұнғанымен саяси бостандығы үшін кез келген уақытта

төңкеріс пен көтеріліске дайын. Және де Әскери министрліктің өкілеттілігімен іс-шаралар атқарылды. Алайда, «мұсылман мәселесін» мемлекеттік деңгейде шешу қажет. Азиялық жағымпаздықты – құлдық деп, ал патша үкіметі әскерінің күші алдындағы қорқынышты – мойынсұну деп қате қабылдау бар» деп ескертеді. Сонымен қатар бұл құжатта С. Духовской Орта Азия мұсылмандары үшін діннің рухани-материалдық ролі саяси өмірімен астасып жатқандығына қысқаша тоқтала отырып, мұсылман державасының (Осман империясы) татарларға қолдау көрсетуі және Екатерина II патшайымының билігі тұсында орыс-түрік соғысында татарлардың дұшпандық пиғылы көрініс алды дейді. (Духовской, 1899:6-11)

Автордың баяндамысын қорытындылай келе бұл құжаттың негізгі ұстанымы: Ресей үкіметі үшін ислам дінінің қауіптілігі және онымен үздіксіз күрес жүргізу шаралары арқылы ғана Түркістандағы исламның діни өкілдеріне қарсы тұру мүмкіндігі барын айтады.

Орта Азияның түркі мұсылмандары арасында таралып жатқан «қауіпті» дағдарыс туралы жазған Ресей империясының премьер-министрі қызметіндегі П.А.Столыпин болды. 1911 жылы 11 қаңтарда III Мемлекеттік Думада сөйлеген сөзінде мемлекеттік реформа мен елді жаңғырту мәселелеріне баса назар аударып, ол құжат Ережелерін ұсынған. (Столыпин, 1911:291)

Автормен ұсынылған мақсатты іс шаралар шектеулі табысқа ие болды деуге болады. Түркістан аймағында жағдайды тұрақтандырып, радикалды идеялардың әсерін төмендете алды. Бұл нәтижелер көбінесе нақты жергілікті жағдайларға және мемлекет пен мұсылман қауымдастықтарының өзара әрекеттесу сипатына байланысты болды. Бір жағынан, үкіметтің күш-жігері радикалды топтардың белсенділігінің төмендеуіне және жағдайды бақылаудың жақсаруына әкелді. Екінші жағынан, мұсылман халқы арасындағы наразылық пен шиеленіс толығымен жойылған жоқ, бұл болашақта оппозициялық көңіл-күйдің жаңа толқынының өсуіне ықпал етті. Бұл Ресей империясындағы көпұлтты және көпконфессиялы мемлекеттегі саяси мәселелерді шешудің күрделілігін көрсетті.

Кеңес зерттеушілерінің еңбектеріндегі Осман империясының сыртқы байланыстарындағы Орта Азия

Большевиктік революцияның жеңісінен кейін Орта Азиядағы билеуші державаның саясаты тарихи ғылымдағы идеологиялық түсініктерді өзгертті. Алғашқы марксистік тарихи

мектептердің құрылуымен XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Осман империясының сыртқы байланыстарындағы Орта Азия тақырыбы бойынша жанама зерттелген еңбектер шықты.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Осман империясының сыртқы байланыстарындағы Орта Азия тақырыбындағы жеке-леген мәселелерді және саясат пен идеологияға байланысты аймақтарды «орталық» және «перифериялық» территориялар деп бөліп қарастырған кеңес зерттеушілерінің қатарында Н.А.Халфин (1965а, 1974b), З.Д.Кастельская (1980), Ю.А.Петросян (1971), Э.Ю.Гасанова (1966) және т.б. болды.

Жалпы кеңес үкіметі дәуірінде Осман империясының сыртқы саясатын зерттеу ұлт-азаттық қозғалыстар мен таптық күрес мәселелері аясында қарастыру қызығушылық тудырды. Бұл ретте тарихшы ғалымдардың ұрпақ жалғастығы үзілгенімен шығыстанушы-османистердің революцияға дейінгі мектебі әлсіреп, ескі ғылыми дәстүрлер үзілді. Кеңестік саясат ғылымға Азия елдерінің тарихы мен мәдениетін терең зерттеу әрдайым сәйкес келе бермейтін жаңа идеологиялық көзқарастар енгізген болатын.

Орталық Азия билеушілері мен Осман империясының қарым-қатынасы мәселесіне арнайы жүгінген алғашқы кеңестік зерттеушілердің бірі Ресей империясының отаршылдық саясатының белгілі тарихшысы – Н.А.Халфин болды. Мұрағаттарда сақталған көптеген дереккөздерге сүйене отырып, Н.А.Халфин кеңестік тарихнамада алғаш рет XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың екінші жартысында Осман империясы мен Орта Азияның мемлекеттік құрылымдарының екіжақты байланыстары туралы мәселені қарастырды. Автор Осман империясының Орта Азиядағы саясатын Ауғанстан тарихын зерттей отырып, Ауғанстан мен Орта Азия хандықтарына қатысты британдық отаршылдық саясатының объективті арқылы зерттейді. Н.А.Халфиннің тұжырымдауы бойынша түрік эмиссарларының белсенділігі және олардың мұсылмандық ынтымақтастық идеяларын насихаттауы – ағылшын агенттерінің іс-әрекетінің негізі болды, оның түпкі мақсаты – бүкіл Түркістанды ағылшын колониясына айналдыру және мұнда Британдық билікті орнатуды көздеді деген қорытындыға келді. Әсіресе, автордың пікірінше, орыстарға қарсы үгіт-насихат Қырым соғысы кезінде және Орталық Азияның Ресейге қосылуы ке-

зінде жүргізілді деген көзқарасын білдіреді. (Халфин, 1965:27)

Яғни автор өз еңбектерінде Осман империясының Орта Азияда жүргізген сыртқы саясатын дәстүрлі түрік әлемінің байланыстарын сақтауға және нығайтуға ұмтылған аймақ ретінде емес тек экспансиялық саясат тұрғысынан біржақты бағалайды.

Алғашқы кеңестік зерттеушілердің қатарында Ресей империясының отаршылдық саясатын зерттеген белгілі тарихшы Н.А.Халфин (1965а), (1974b), Түркістан аймағы бойынша Орта Азиядағы ұлт-азаттық көтерілістер тарихы туралы Кастельская З.Д. (1980), Осман империясындағы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы жастүріктер революциясы және оның ықпалы, Абдул Хамид II билігі тұсындағы мемлекеттің идеологиялық саясаты туралы Ю.А.Петросяның (1971) бірқатар еңбектері бар.

Ю.А. Петросян (1971) өзінің еңбегінде «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында билікке келген Абдул Хамид II-нің Осман империясындағы ішкі ұлттық және діни қақтығыстарды өршіте отырып, панисламизмнің идеялық доктринасын пайдалануға тырысты. Бұл сұлтанның тек Осман империясындағы билігі ғана емес, сонымен қатар барлық мұсылман елдерінің халифі деп бекітуге бағытталды», – деп жазады. (Петросян, 1971:137)

Империалистік және капиталистік көзқарас бағытын ұстанған әлемдік державалар ортаазиялық хандықтардың территориялық аумағын отарлау мәселесін қалыпты жағдай деп санағанымен, Орта Азияны бөлшектеуде өздерінің саяси мүддесін бірінші орынға қойды.

Кеңестік ғалым Кастельская З.Д. (1980) өзінің еңбегінде Ресейдің Орта Азияға екпіндей енуінен европалық державалар қауіптенгендігі туралы және өркениетті мемлекет ретінде ресей үкіметінің адамзат тарихының дамуына қосқан үлесі әрі капиталистік мемлекеттердің «тарихи миссиясы» деп бағалайды. (Кастельская, 1980:11-12)

Қорыта келе, кеңестік зерттеушілердің XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Осман империясының сыртқы байланыстарындағы Орта Азия тақырыбына қатысты еңбектерін талдау нәтижесінде келесідей тұжырымдама жасауға болады: Осман империясының сыртқы байланыстарындағы Орта Азия тақырыбы «мұсылман мәселесі» немесе «шығыс мәселесі», «исламдық фактор» және «үлкен ойын» мәселелері аясында қарастырылды.

Заманауи зерттеушілердің көзқарастарындағы Осман империясының сыртқы байланыстарындағы Орта Азия

Кеңес үкіметі ыдырап, тәуелсіздігін алған посткеңестік ғылымда ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Осман империясының сыртқы байланыстарындағы Орта Азия мәселесін зерттеудің маңыздылығы артты. Бұл ең алдымен тарих ғылымындағы жаңаша көзқарастар, теориялық – методологиялық принциптердің өзгеруі, «империялық нарратив», «ұлттық нарратив» т.б. қарама-қайшылыққа толы заманауи түсініктердің пайда болуымен байланысты. Қуаныштысы, бұл отандық тарих ғылымының дамуына, тың ойлар мен көзқарастарды талқылауға себеп және мүмкіндік береді.

Отандық тарих ғылымында Осман империясының сыртқы байланыстарындағы Орта Азия мәселесін зерттеп жүрген ғалымдар Н.М.Абдукадыров (2022; 2024), Жолсейітова (2020), Қ.Базарбаев (2011) және т.б.

Қазақстан тарихын әлем тарихымен байланыстыра қарастырып Осман империясының Орта Азиядағы ролі мәселелерін зерттеп жүрген Н.М.Абдукадыровтың іргелі еңбектерін атау маңызды. Автордың ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы Осман империясының еуропалық мемлекеттермен сыртқы саяси қатынастары, қаржылық-экономика байланыстары және діни және рухани-идеологиялық мәселелер бойынша архивтік құжаттарға негізделген зерттеу жұмыстары бар.

Н.М.Абдукадыров (2022) өзінің зерттеуінде: «ХХ ғасырдың басында Осман империясы Орта Азия түркілерімен бірлесу және олармен саяси салада әрекеттесудің басты принциптеріне мәдени, рухани және саяси идеологиялық факторлар маңызды орын алды. Себебі, Осман империясындағы ішкі саяси дағдарысқа байланысты жаңа реформа қажеттілігі тұрды. Жаңа мемлекеттік саяси идеология төңірегіне топтастыру үшін Түркия Орта Азия мен Түркістан өлкесіндегі түрік мұсылмандарымен бірлігін жариялауға ұмтылды» деп тұжырымдайды. (Абдукадыров, 2022:163)

Автормен келісе отырып, еуропалық державалардың әлемді бөлісуде «оңтайлы» мүмкіндіктерді пайдалану және «өркениет тарату» миссиясын алға тартқан отарлық саясатқа қарсы түркілік мұсылман халықтарының басын біріктіруде Осман империясының Орта Азияда саяси және діни факторларды пайдалануы заңды құбылыс болды дейміз. Сондай-ақ түркі халықтарының туыстық, тілдік және діни-мәдени ортақ белгілерге негізделген тарихи-эволюциялық

процесі кеңес одағы ыдырап, тәуелсіздік алғаннан кейін өзінің заңды жалғасын тауып отыр деуге болады.

Ал Түркия, Ресей, Хиуа, Бұхара мемлекеттерінің, яғни Түркия мен Орта Азия елдері арасындағы оқу-ағарту саласын және Түркістан өлкесіндегі жәдидизмді Осман империясындағы саяси-идеология мен оқу-ағартушылық мәселелерімен байланыстыра зерттеп жүрген қазақстандық зерттеушілер қатарында М.Ә.Жолсейітова (2020), Қ.Базарбаевтың (2011), Л.С.Динашеваның (2023) еңбектерін атауға болады.

Сонымен қатар, алыс-жақын шетелдік авторлар ішінде түрік мұсылмандарының арасындағы саяси және діни-идеологиялық байланыстары туралы мәселелерді зерттеп жүрген авторлар А.А.Салиев (2021), В.П.Литвинов (2017), Д.Усманованы (2017) атағанымыз жөн.

А.А.Салиев (2021) өзінің еңбегінде ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Орта Азия аймағының мұсылмандары арасында Осман империясының діни-идеологиялық бағыттағы жұмысы белсенділік танытып, дін аймақтағы түрік геосаясатының құралына айналды дейді. 1873 жылғы Андижан оқиғаларынан кейін түрік агенттігі аймақта ашық және заңды түрде еркін қозғалды деп жазады. (Салиев, 2021:21)

Ал келесі автор В.П.Литвинов (2017) А.А.Салиевтің пікірін дамыта отырып, Осман империясы Ресей империясының оңтүстік шекарасындағы ең мықты қарсыластарының бірі болды дейді. Түріктердің диверсиялық қызметі әсіресе ХІХ ғасырдың екінші жартысында күшейе түсті деп көрсетеді. Автор «Осман империясының саяси интригаларының, оның Түркістандағы диверсиялық қызметінің нәтижесі 1898 жылы мамырда Андижандағы мұсылман көтерілісі болды» – деп жазады. Ресейге қарсы үгіт-насихат жүргізу үшін түрік барлауының Орта Азия мұсылмандарының «қасиетті орындарын» пайдалануы болды. Ресейдің Түркістанға (Орта Азияға) енуі Осман империясының билеуші топтарының қарсы әрекеті ретінде өз агенттерін Каспий маңы аймағына жіберу арқылы жауап берді деп көрсетеді. Осман агенттігі Орта Азиядағы исламның «қасиетті жерлерінде» диверсиялық әрекеттерді жүзеге асыруының астарында мұсылман қажыларының едәуір бөлігі осы жерлерде топтасуында дейді. Және панисламизм мен пантюркизм идеяларын тарату үшін «қажылық» ұйымдары қолайлы орта екендігін атайды. (Литвинов, 2017:1) Д.Усманова (2017) өзінің зерттеулерінде І-ші дүниежүзілік соғыс жағдайында әртүрлі мемлекеттер мен саяси күштердің діни-идеоло-

гиялық жұмыстарының объектісі болған орыс мұсылмандарына қарсы әскери насихат туралы қарастырады. Мұсылмандарға қатысты мемлекеттік саясат пен үгіт-насихат мысалында Дүниежүзілік соғыс кезінде «исламдық факторға» қандай рөл берілгенін және Ресей мұсылмандары қарсыластардың үгіт насихат жұмыстарының объектісі немесе субъектісі болды ма деген сұрақтарға жауап іздейді. Сонымен қатар автор діни-идеологиялық бірлік жолындағы қызметі туралы былай дейді: «XX ғасырдың басындағы соғыс аймағында «мұсылман мәселесі» шешуші фактор болған жоқ деп атай келе, Ресей үкіметіне қауіп ішкі мұсылман халықтардан гөрі империяға қарасты мұсылмандардың эмиграциядағы қызметі және олардың панисламистік ықпалынан қорықты дейді. Сондықтан ресей үкіметінің де Осман империясындағы христиандардың мұсылмандарға қарсы үгіт-насихаттарын жауап ретінде жүргізді дейді. Алайда мұндай діни-милитаристік жұмылдыру әрекеттері нәтижесіз болғандығын» айтады. (Усманова, 2017: Усманова:2017:URL)

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Осман империясының Орта Азиядағы сыртқы саяси күштерінің ықпалы туралы Ресей құрамындағы Орталық Азия мәселелері аясында қарастырып жүрген зерттеушілердің бірқатар еңбектер бар. Оның ішінде С.Н.Абашин, Н.Е.Бекмаханова (2008), А.Д.Васильев (2014) және А.Ю.Бахтуринаның (2004) еңбектерін атауға болады.

Н.Е.Бекмаханова (2008) ұжымдық еңбекте түріктердің ортаазиялық мемлекеттерде жүргізген астыртын саясаттарын келесідей түсіндіреді: «XX ғасырдың басында Түркістанда құрылған жәдидтер қозғалысы кейінірек Түркістан, Хиуа және Бұхарада буржуазиялық-либералдық сипат алып «жәдидизм» атауын алды. Бұл қозғалыс жергілікті зиялы қауым, мұсылман дінбасылары және сауда-өнеркәсіптік буржуазия өкілдерінің қолдауына ие болды. Бұл саяси қозғалыс Түркістандағы әкімшілік билікке, исламға, діни мектептердің құрылымына реформалар жүргізуді ұсынды. Ал жәдидизмнің радикалды өкілдері пантюркизм идеяларын қолдап, Түркістанның Ресейден бөлінуін және Түркияның қол астындағы немесе қарамағындағы мемлекет құруды көздеді. Ұлтшылдық, панисламизм, пантюркизм идеяларын жақтаушылар үкіметке қарсы халық толқуларын өздерінің ұлттық мүдделеріне пайдаланды». Сонымен қатар автор, Орталық Азиядағы жәдидизм қозғалысының ортақ саяси платформасы болған жоқ және ол әртүрлі саяси

бағыттардың, оның ішінде мұсылмандық реформация, ұлтшылдық, социалистік, либеральдық, консервативтік идеялардың қосындысы болды дейді. (Бекмаханова, 2008:280-282)

Жоғарыда көрсетілген ұжымдық еңбекте П.П.Литвинов және Д.Ю.Арапов XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Орта Азия хандықтары Бүкілресейлік императордың билігіне мойынұсынғанмен, іс жүзінде тәуелсіз болды деп жазады.

Бұл авторлық ұжым еңбегін Ресей империясының құрамындағы Орталық Азия елдерінің тарихындағы шешуші тарихи кезеңдерге біржақты стереотиптік көзқарастардан арыла отырып, объективті баға беруге ұмтылған зерттеу жұмысы деуге болады.

Осы жоғарыда аталған ұжымдық еңбектің бас редакторы және авторы С.Абашин (2008) толыққанды қамтылмай қалған кезеңдер мен тақырыптар туралы Орталық Азияны зерттеуге интегративті көзқарастың маңыздылығын атап көрсетеді. Ол зерттеушілерді аймақты (Орта Азияны) кең контексте қарастыруға және әртүрлі факторлардың әсерін ескеруге шақырады. (Абашин, 2008:460)

Жалпы автор өзінің мақаласында «Не қамтылмады?» деген сұрақ қоя отырып, ғалым-зерттеушілерге Орталық Азияның мұсылман халықтарының тарихын микротарих әдістерін қолдана отырып сыртқы және ішкі факторлардың мазмұнын анықтау, шешуші тарихи кезеңдерді аймақтық тұтастықта зерттеуді, кеңестік және батыстық тарихнамаға сыни талдау жүргізуді, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Орталық Азиядағы ықпалды саяси күштердің өзара әрекеттесуін талдауды ұсынады. Бұл аймақтағы билік пен ықпалдың күрделі динамикасын түсінуге көмектеседі деп тұжырымдайды.

Бұл біз қарастырып отырған XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Осман империясының сыртқы байланыстарындағы Орта Азия тақырыбы тарихнамалық зерттеулердегі күрделілігінің бар екенін тағы да дәлелдейді.

Келесі автор А.Ю.Бахтурина (2004) «1905-1907 жылдардағы революциялық оқиғалардың толқынында және елдегі қоғамдық өмірді біршама демократияландыру кезінде Түркістанда жергілікті тілдерде мерзімді басылымдар пайда болды: «Хуршид», «Туджор» газеттері, «Ойна» журналы және т.б. Олардың беттерінде жергілікті жәдидтер жүргізген аймақтағы саяси реформалар туралы белсенді саяси пікірталас өрбітті. Көбінесе бұл басылымдар Ресейге қарсы немесе түрік бірлігі туралы мағынадағы материалдарды

басып жариялады. Патша билігі бұған қарсы күресті» деп көрсетеді. (Бахтурина, 2004:320)

Яғни, авторлар аймақта жергілікті зиялы қауымның демократиялық қоғам құру жолындағы алғашқы іс-әрекеттері мен талпынысын Осман империясының Орта Азиядағы астыртын саяси ұйымдармен байланыстырады.

Ал ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Осман империясының Орта Азиямен өзара байланысы мәселесі аясында тікелей зерттеу жұмысын жүргізіп жүрген ресейлік ғалымдардың бірі А.Д.Васильев (2014). Жалпы автор өзінің зерттеулерінде мұрағаттық құжаттар, шежірелер, хаттар және дипломатиялық есептерді қоса алғанда, көптеген дереккөздерді пайдаланады. Елшіліктердің өзара сапарлары мен сауда миссияларын талдауға ерекше назар аударады. Оның ғылыми жұмыстары Орта Азия мен Осман империясы арасындағы қарым-қатынас тарихын зерттеуге қосқан құнды еңбек деуге болады. Еңбек аймақтың дамуына әсер ететін саяси, мәдени және экономикалық байланыстардың динамикасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар А.Д.Васильев еуропалық державалардың Орталық Азия мен Осман империясы арасындағы қатынастарға әсерін, әсіресе отарлық экспансия жағдайында қарастырады. Ол Осман империясының және оның артында тұрған Британдық империалистердің идеологиялық және саяси белсенділігі күткен нәтиже бермегендігін негіздейді. Англия мен Түркияның одақтастығы ресейлік Азияда тек діни қызметкерлер мен «феодалдық дворяндарды» тарта алды, бірақ Түркістан халықтары арасында олар кең қолдау таппады деп қорытындылайды. (Васильев, 2014:9)

Автордың пікірінше Абдул Хамид ІІ-нің Орта Азияға қатысты сыртқы саясаты Осман империясының аймақтағы позицияларын дипломатиялық, діни және мәдени арналар арқылы нығайтуға бағытталды. Оның исламдық байланыстарды қолдау және Ресейдің ықпалына қарсы тұру жөніндегі күш-жігері империяның ішкі және сыртқы қиындықтарына қарамастан мұсылман әлемінде Османшылық ықпалын сақтауға деген ұмтылысты көрсетті. Өзін барша мұсылмандардың қорғаушысы деп жариялаған халиф Ресей империясының Орта Азияға енуіне кедергі келтіруді және бұл тікелей Осман империясының мүдделеріне қарсы төнген қауіп ретінде қабылданды.

Бұл О.Н.Сенюткина мен Ю.Н. Гусеваның (2019) мақаласында да көрініс тапқан. Авторлар «панисламизм» мен «пантюркизм» идеяларына

анықтама бере отырып, келесідей қорытындылар жасайды: «ХХ ғасырдың басында Ресей үкіметі мұсылман және түркі тілдес халықтар тығыз қоныстанған аумақтарда түрікшілдік идеясының таралуы Ресей империясының аумақтық тұтастығы мен тұрақтылығына қауіп төндірді. Ал панисламизм Осман империясының Орта Азиядағы сыртқы саясатының құралы ретінде Ресей әкімшілік билігіне қарсы қолданылды. Патшалық билік саяси және діни идеологияны таратушы белсенділерді, мұсылмандық діни ұйымдарды және олардың шетелдік байланыстарына бақылауды күшейтті дейді. Және сұлтан Абдул Хамид ІІ-нің түркі мұсылмандары арасында ислам институттары мен білім беруді қолдау саясатын ашық жүргізуі Ресей үкіметіне сақтық шараларын күшейтуге мәжбүрледі. Бұл жағдай сыртқы саяси факторлармен қоса көпұлтты Ресейдің ішкі проблемалық мәселелерімен де байланысты болды». (Сенюткина, 2019:24-26)

Зерттеушілердің бұл пікірлері ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Ресейлік Азияның сыртқы саяси тарихын зерттеген және зерттеп жүрген ғалымдардың ойларымен байланысып жатыр.

Нилай Озок-Гюндоган (2015) былай деп жазады: «Абдул – Хамид ІІ дәуірінде (1876-1909 жж.) империяның исламдық бірлікке көбірек көңіл бөлуінің өзіндік себептері бар. Бір жағынан, Осман империясындағы ұлтшылдық қозғалыстардың күшеюі болса, екіншіден, мемлекеттегі мұсылман емес қауымдастықтар арасында діни бірліктің ұлттық бірлікпен ығыстырыла бастаған тарихи күйзеліс кезеңі болды. Сондықтан империяның территориялық тұтастығын сақтап қалу үшін Абдул-Хамид ІІ мұсылмандар бірлігін насихаттауға мүдделі болды» дейді. Сонымен қатар «Осман империясы ішкі саяси бәсекелестіктер мен идеологиялық қарама-қайшылықтарға қарамастан жаһандық конституциялық революцияға тартылды. Ал 1908 жылы Бірлік және прогресс комитеті мен империядағы халықтар көтерілісі Абдул-Хамид ІІ парламенті қайта шақырып конституцияны қабылдауға мәжбүрледі. Бұл әртүрлі этникалық және діни топтарды аз уақытқа болса да конституциялық идеологияның айналасына біріктірді» дейді. (Нилай Озок-Гюндоган, 2015:12)

Және автор өзінің ойын қорыта келе Осман империясының алты ғасырлық тарихын философиялық концепциялар негізінде қарастырмай Османлылардың этно-діни әртүрлілігін ескере отырып әрбір тарихи уақыт кезеңінің ерекшеліктеріне назар аударатын контекстік талдау

арқылы ғана толық түсінуге болады деп тұжырымдайды.

Біз автордың ойын жалғастыра келе, бұл жағдайда Абдул Хамид II-нің империядан тыс мемлекеттердегі мұсылмандарды діни-идеологиялық күш пен бірлікке шақыруы орынды деуімізге болады. Себебі, Қырым соғысынан кейінгі Осман империясының ішкі және сыртқы саяси аренадағы жағдайы нашар еді. Ол XIX ғасырдың екінші жартысында батыстың отаршыл империяларының алдында экономикалық тәуелді мемлекет болатын. Осы жағдайды пайдаланған империалистік мемлекеттер Османлыны экономикалық және саяси ықпалын жүргізу үшін үздіксіз дипломатиялық күрес сахнасына айналдырды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Осман империясының ішкі және сыртқы саясаты, дін және идеология мәселелері туралы Доминик Ливеннің (2007) еңбегінде автордың көзқарастары төмендегідей бірнеше негізгі аспектілер бойынша ерекшеленеді.

Автор Абдул Хамид II-нің авторитарлық басқару стилін, оның модернизациялау әрекеттерін бағалай келе, Осман империясының құлдырауының себептерін көптеген факторларға, соның ішінде ішкі мәселелерге, Еуропалық державалардың қысымына және сәтсіз реформаларға байланысты деп санайды. Сыртқы саясат және империялық күштерді теңестіру мақсатында Абдул-Хамид II империяның аумақтық тұтастығын сақтау үшін ұлы державалар арасындағы тепеңдікті сақтауға ұмтылып, саясатта исламды қолдануына баса назар аударды. Сонымен қатар билеушінің империядағы жаңғыру реформаларын жүргізуде модернизациялық күш-жігерінің жағымды жақтарын, соның ішінде армия мен білім саласындағы реформалардың бастаушысы деп бағалайды. (Ливен, 2007:235-237)

Автордың ойын қорыта келе Абдул-Хамид II өзінің билігін Орта Азиядағы саясатының негізгі аспектілерінің бірі исламды пайдалана отырып билікті құқықтық негізде заңдастырып, өзін қатардағы зайырлы саясаткерден де жоғары қоюы оның әлем мұсылмандарының халифі ретінде ислам дінін өз билігін нығайту жолындағы мұсылмандарды біріктірудің құралы ретінде пайдалануы. Ол мұсылман халықтарын Осман империясының қолшатырына біріктіруге және батыстың ықпалына қарсы тұруға тырысып, панисламизм идеяларын қолдады деуге болады.

Ал Селим Дерингил өзінің (1994) еңбегінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Осман империясы мен Орта

Азия мұсылмандарының қарым-қатынастарын зерттей келе, екі империяның геосаяси бәсекелестігі ғасырларға созылғандығын айтады. Және бұл бәсекелестік діни мәселелерге негізделгендігін, сонымен қатар отар елдеріне айналған Кавказ, Қырым және Орта Азияның мұсылман территориялары Ресей империясына тек территориялық кеңістік әкеліп қана қоймай басқару жүйесіне де күрделілік әкелді дейді. Екі мемлекет арасындағы саяси бәсекелестікке қарамастан Осман және Ресей империясының мұсылмандары арасында әртүрлі сипаттағы тығыз мәдени және діни байланыстар болғандығын, Мекке мен Мединеде қажылық, Османлы медреселеріндегі діни білім осы байланыстарды сақтауға ықпал етті деп қорытындылайды. (Дерингил, 1994:URL)

Бұл туралы отандық ғалымдар Н.М.Абдукадыров, Т.Мухажанова, Г.Сабденованың (2024) мақаласында Ресей империясының Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында түрік әскери тұтқындарын Еділ бойы мен Ресей империясының орталық аудандарынан жер аудару сияқты мәселелер күн тәртібіне шықты дейді. Себебі, патша үкіметі панисламистік идеологияның таралуына бірден-бір қауіп – ол мұсылман халықтары көптеп қоныстанған аумақтарда түріктерге (әскери тұтқындарға) түркі-мұсылман қауымдастықтарымен діни әрі мәдени байланыстар орнатуына жол беру деп түсінді деп тұжырымдайды. (Абдукадыров, 2024:URL)

Отандық авторлардың пікірімен байланысы бар келесі автор Т.В.Котюкова (2021). Ол өзінің ғылыми мақаласында: «Ресей аумағында түрік азаматтығы бар адамдардың қозғалысын мұқият бақылау қажет болды. Ресей Ішкі істер министрлігі рухани істер департаментінің 1910 жылғы 7 қазандағы дөңгелек хатында Ресей мемлекетінің бірлігі үшін қауіпті бұл «уағызшылар» негізінен Еділге, Қырымға, Кавказға және Түркістанға жіберілетіні атап өтілді» деп жазады. Сонымен қатар мақала авторы Ресей империясының қарапайым мұсылмандары түрік агенттерінің таратқан идеологиялық көзқарастарын толық қабылдай алмады дейді. Түрік агенттік қызметкерлері панисламизм идеяларының баяу таралуының басты себептерінің бірі ресейлік мұсылман халқының төмен мәдениеті, жергілікті діни қызметкерлерінің надандығы және мұсылман секталары арасындағы діни өшпенділік екенін мойындады деп көрсетеді. (Котюкова, 2021: URL)

Мақала авторларының пікірін қорытындылай келе, Орта Азияда, оның ішінде Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты аймақтар

да әртүрлі тарихи құбылыстардың орын алуы жоғарыда аталғандай патша үкіметінің алдына жаңа саяси проблемалық мәселелер қоя отырып, тұтас түркілік идеяның өмірлік өзектілігі бар екенін дәлелдеді. Бұл мәселе ХХІ ғасырда да өзінің жалғасын тауып отыр.

Қорытынды

Қорыта келе, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Осман империясының сыртқы байланыстарындағы Орта Азия мәселесін зерттеушілер Осман империясының ислам дінін және оның мекемелерін Орталық Азиядағы геосаясатында қолдануға тырысқандығын және бұған оның мұсылман әлеміндегі көшбасшылығы және аз мөлшерде түрік сұлтанының «дін халифі» мәртебесінің ықпал етуімен байланыстырады. Авторлардың ортақ көзқарастарының тоғысуы біріншіден, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Осман империясының

Орта Азиядағы саясаты Ресейге қарсы бағытталған әскери-саяси және контрреволюциялық күштер болса, екіншіден, Ресей құрамындағы мұсылман елдерін діни біріктіру жолындағы түріктердің ислам қозғалысы ретінде бағалануы. Әрине бұл тарихи күрделі процесті Ресейдің құқықтық мұрагері ретінде танылатын Орта Азиядағы (Түркістандағы) патшалық және кеңестік «империялар» кезеңін объективті зерттеу арқылы ғана түсінуге болады.

Осман империясының Орта Азия мемлекеттерімен дәстүрлі байланыстары ХХ ғасырдың 20-жылдарында үзіліп, тәуелсіздік алғаннан кейін Орталық Азия мен Түрік қоғамындағы жалпы түркі байланыстарына деген өзара қызығушылық жанданды. Өркениеттік мұра, тарихи этникалық жақындық және дін ортақтығы жарияланып, түркілік мұсылман халықтары тарихының дамуындағы тарихи-эволюциялық процесс табиғи заңдылық екенін бүгінгі тарихи оқиғалар дәлелдеп отыр.

Әдебиеттер

- Абашин С. (2008) Размышления о «Центральной Азии в составе Российской империи» // *Ab Imperio*, №4. с. 456-471.
- Абдукадыров Н., Мулдахметова Ж.И. (2022) Осман империясының Орта Азиядағы саясатының рухани идеологиялық бағыттары (ХХғ.басы) // *ҚазҰУ Хабаршысы, Тарих сериясы*, №1 (104), б. 160-170.
- Абдукадыров Н., Мухажанова Т., Сабденова Г. (2024) Османские подданные и военнопленные в Семиреченской области в годы Первой мировой войны. *Международный журнал азиатских исследований*. <https://doi.org/10.1017/S1479591424000032>
- Бахтурина А.Ю. (2004) Окраины Российской империи: государственное управление и национальная политика в годы первой мировой войны (1914-1917гг.) – Москва: Российская политическая энциклопедия. – 392 с.
- Васильев А.Д. (2014) «Знамя и меч от падишаха». Политические и культурные контакты ханств Центральной Азии и Османской империи (середина XVI – начало XX вв.). – Москва: Институт востоковедения РАН, ПРОБЕЛ-2000. – 356 с.
- Жуковский С.В. (1915) Сношения России с Бухарой и Хивой за последнее трехсотлетие, – Петербург. – 223 с.
- Дерингил С. (1994) Османская империя и российские мусульмане: братья или соперники? *Центральноазиатский обзор*, 13 (3). <https://doi.org/10.1080/02634939408400870>
- Духовской С.М. (1899) Всеподданнейший доклад Туркестанского генерал-губернатора генерала от инфантерии Духовского. Ислам в Туркестане. – Ташкент. – 21 с.
- Кастельская З.Д. (1980) Из истории Туркестанского края (1865 -1917) / Отв. ред. Н.А. Халфин. – Москва: Наука. – 120 с.
- Котюкова Т. В. (2021) Турецкая агентура в России накануне Первой мировой войны по документам ЦГА Республики Узбекистан | Военно-Ученый Архив (<https://warlib.site/kotyкова1/#4>.)
- Ливен Д. (2007) Российская империя и ее враги с XVI до наших дней / Перевод с англ.яз. А. Козлика, А. Платонова. – Москва: Издательство «Европа». – 688 с.
- Литвинов П.П. (1998) Государство и ислам в Русском Туркестане (1865-1917) (по архивным материалам). – Елец: Издательство ЕГПИ. – 315 с.
- Литвинов В. П. (2017) Региональное паломничество мусульман Русского Туркестана: малоизвестные страницы // *Диалог со временем*. Вып. 58. с. 297–306.
- Озюк Гюндоган. (2015) Ottoman Empire. In *The Encyclopedia of Empire* (eds N. Dalziel and J.M. MacKenzie) <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/epdf/10.1002/9781118455074.wbeoe408>
- Петровский Н. (1875) Очерки Кокандского ханства // *Вестник Европы*. – Санкт-Петербург: кн. 10. – 36 с.
- Петросян Ю.А. (1971) Младотурецкое движение (вторая половина XIX – начало XX в.) – Москва: Издательство «Наука» Главная редакция Восточной литературы. – 326 с.
- Столыпин П. А. Избранное. Речи. Записки. Письма / П.А.Столыпин [сост., автор коммент. С. В. Шелохаев, автор вступ. ст. В. В. Шелохаев] – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2010. – 528 с.
- Салиев А.А. (2021) Религиозные аспекты геополитического соперничества российской империи в Центральной Азии второй половины XIX – начала XX вв. // *диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук*. – Бишкек. – 242 с.

- Сенюткина О.Н., Гусева Ю.Н. (2019) Панисламизм и пантюркизм в осмыслении российских чиновников (начало XX века) // Новый исторический вестник. – No 2. с. 183–214.
- Терентьев М.А. (1875) Россия и Англия в Средней Азии. – Санкт-Петербург: Типография П.П.Меркульева. – 373 с.
- Терентьев М.А. (1906) История завоевания Средней Азии. Т. II. – Санкт-Петербург: Типография В. В. Комарова. – 281 с.
- Усманова Д. (2017) Российские мусульмане и пропаганда в годы Первой мировой войны (1914–1916 гг.) // Acta Slavica Iaponica, Tomus 37. с. 73–101.
- Халфин Н.А. (1965) Присоединение Средней Азии к России (60–90-е годы XIX в.). -Москва: Наука. – 468с.
- Центральная Азия в составе Российской империи/ Центральная Азия в составе Российской империи / С.Абашин, Д.А-рапов, Н.Бекмаханова и др. (ред.). – Москва: Новое литературное обозрение, 2008. – 454с.

References

- Abashin S. (2008) Reflections on “Central Asia as part of the Russian Empire” // Ab Imperio, No. 4. P. 456–471.
- Abdukadyrov N., Muldakhmetova Zh.I. (2022) Osman imperiyasyn Orta Asiyadagi sayasatyn rukhani ideologiyalyk bagyttary (XXg.basy) //KazUU Khabarshysy, Tarikh seriyasy, No. 1 (104). P. 160–170.
- Abdukadyrov N., Mukhazhanova T., Sabdenova G. (2024) Ottoman subjects and prisoners of war in the Semirechensk region during the First World War. International Journal of Asian Studies. <https://doi.org/10.1017/S1479591424000032>
- Bakhturina A.Yu. (2004) The outskirts of the Russian Empire: public administration and national politics during the First World War “1914–1917” – Moscow: Russian Political Encyclopedia. – 392 p.
- Vasiliev A.D. (2014) “The banner and the sword of the Padishah.” Political and cultural contacts between the khanates of Central Asia and the Ottoman Empire (mid-XVI – early XX centuries). Moscow: Institute of Oriental Studies of the Russian Academy of Sciences, SPACE-2000. – 356 p.
- Zhukovsky S.V. (1915) Russia’s relations with Bukhara and Khiva over the last three hundred years, St. Petersburg. – 223 p.
- Deringil S. (1994) The Ottoman Empire and Russian Muslims: brothers or rivals? Central Asian Review, 13 (3). <https://doi.org/10.1080/02634939408400870>
- Dukhovskoy S.M. (1899) The most comprehensive report of the Turkestan Governor-General, General of Infantry Dukhovskoy. Islam in Turkestan. – Tashkent. – 21 p.
- Kastelskaya Z.D. (1980) From the history of the Turkestan region (1865–1917) / Ed. by N.A. Khalfin. – Moscow: Nauka Publ. – 120 p.
- Kotyukova T. V. (2021) Turkish agents in Russia on the eve of the First World War according to the documents of the Central State Administration of the Republic of Uzbekistan // Military Scientific Archive (<https://warlib.site/kotyukova1/#4>)
- Lieven D. (2007) The Russian Empire and its enemies from the XVI to the present day / Translated from English by A. Kozlik, A. Platonov. – Moscow: Publishing house “Europe”. – 688 p.
- Litvinov P.P. (1998) The State and Islam in Russian Turkestan (1865–1917) (based on archival materials). Yelets: EGPI Publishing House. – 315 p.
- Litvinov V. P. (2017) Regional pilgrimage of Muslims of Russian Turkestan: little-known pages // Dialogue with time. Vol. 58. – 297–306 p.
- Ozok Gundogan. (2015) Ottoman Empire. In The Encyclopedia of Empire (eds N. Dalziel and J.M. MacKenzie) <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/epdf/10.1002/9781118455074.wbeoe408>
- Petrovsky N. (1875) Essays on the Kokand Khanate // Bulletin of Europe. – St. Petersburg: book 10. – 36 p.
- Petrosyan Yu.A. (1971) The Young Turk movement (the second half of the nineteenth and early twentieth centuries) – Moscow: Nauka Publishing House, the main editorial office of Oriental Literature. – 326 p.
- Stolyпин P. A. Favorites. Orationes. Notae. Litterae / P. A. Stolyпин [comp. auctor commentarii. S. V. Shelokhaev, auctor introductio. V. V. Shelokhaev], Moscoviae: Encyclopædia Politica russica (ROSSPEN), 2010. – 528 p.
- Saliev A.A. (2021) Religious aspects of the geopolitical rivalry of the Russian Empire in Central Asia in the second half of the nineteenth and early twentieth centuries // dissertation for the degree of Candidate of Historical Sciences. – Bishkek. – 242 p.
- Senyutkina O.N., Guseva Yu.N. (2019) Pan-Islamism and Pan-Turkism in the understanding of Russian officials (the beginning of the 20th century) // New Historical Bulletin. – No 2. P. 183–214.
- Terentyev M.A. (1875) Russia and England in Central Asia. – St. Petersburg: Printing house of P. P. Merkulyev. – 373 p.
- Terentyev M.A. (1906) The history of the conquest of Central Asia. Vol. II. – St. Petersburg: V. V. Komarov Printing House. – 281 p.
- Usmanova D. (2017) Russian Muslims and propaganda during the First World War (1914–1916) // Acta Slavica Iaponica, Tomus 37. P. 73–101.
- Khalfin N.A. (1965) Annexation of Central Asia to Russia (60–90s of the XIX century). -Moscow: Nauka. – 468 p.
- Central Asia as part of the Russian Empire/ Central Asia as part of the Russian Empire / S. Abashin, D.Arapov, N.Bekmakhanova et al. (ed.). – Moscow: New Literary Review, 2008. – 454.

Автор туралы мәлімет:

Калдыбаева Сафура Сапарғалиевна – докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

Information about author:

Kaldybayeva Safura Sapargalievna – Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

Сведения об авторе:

Калдыбаева Сафура Сапарғалиевна – докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

Келін түсті: 05.01.2025

Қабылданды: 10.03.2025